

ӘОЖ 94 (574)

СЕЙІТ КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Махатова Аружан Бериккызы
mhtvaaru@gmail.com

4294

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультеті, тарих мамандығының 4 курс студенті,
Нур-Султан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к. Мұхаметжанова Н.А.

Белгілі сатирик және этнограф ғалым – Сейіт Кенжеахметұлы 1939 жылы 12 қаңтарда Қостанай облысындағы Сарықопа деген жерде дүниеге келген. 1947 жылы Сейіт Кенжеахметұлы қазіргі Жангельдин ауданындағы Шеген ауылының Кәтен әулие мектебінде білім алады, ол кісі Бұхарадан оқып келген молда еді. Орта білім баспалдағын Торғай қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте тәмәмдеп, оқыған мектебінде сол кездегі «Пионер вожатый» болып қалды. Сейіт Кенжеахметұлының шығармашылыққа бастауы сатирадан басталды. 1957 жылы шыққан алғашқы сықақ-әңгімелері мен өлеңдері оқырмандардың үлкен сұранысына ие болды. Оның сықақ-әңгімелері сол кездегі газет – журналдарда жариялана бастап, соның ішінде «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» т.б. Мектепті тәмәмдағаннан кейін Сейіт Кенжеахметұлы Алматы қаласына политехника факультетіне алғашында сырттай оқуға түседі. Политехника факультетінде оқып жүріп, бұл мамандық өзінің еместігін біліп, оқу білімін 1965 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетіндегі Журналистика факультетінде сырттай оқуды жалғастырған. Студенттік кезінде өте іздеп, үздік студент ретінде көрініп, қазақтың белгілі сатиригі Темірбек Қожакеев аталған тұлғаны өте жақсы бағалаған. Сейіт Кенжеахметұлына сатиралық бастауында қолдау көрсетіп, жол ашқан осы Темірбек Қожакеев болатын. Сейіт Кенжеахметұлының сатираның фельетон жанрында жазылған «Күлкіден айырмасын» атты кітабы оқырмандардың көңілін тез аулап, жоғара бағаланды. Аталып кеткен кітаптың басты көрінісі болып Торғай жерінің табиғаты мен сықақ әңгімелері болды.

1963 жылы қазіргі Арқалық қаласының мемориалдық музейінде жұмыс жасап жүріп, Торғай облысының тарихы жайлы көптеген деректер қалдырып кеткен. Соның ішінде Әділхан Қастеев салған Амангельді Имановтың портретін, сонымен қоса Торғай жерінде бұрындары Меккеден келген молдалардың кітап – жинақтарын алып тапсырған. 1966 жылы Сейіт Кенжеахметұлы Қойшығара Салғараұлы, Қоғабай Сәрсекеев, Сабыржан Шүкіровтер сияқты мықты журналистермен сол кездегі шығып тұрған «Коммунизм таңы» атты газет-баспасында бірге қызмет атқарады. Баспадағы жұмысымен қоса жергілікті театрда өзі жазған сатиралық әңгімелеріне өнер көрсете білді. Театрдағы жетістіктерін байқаған көрнекті тұлғалар оны Мәскеу қаласына, Алматы қаласының өнер театрына шақыру жіберген болатын. Сейіт Кенжеахметұлы 1977 жылға дейін Қостанай және Торғай облысындағы мерзімді баспасында қызмет етті. Алғашында әдеби қызметкер болып, кейіннен бөлім меңгерушісі және жауапты хатшы қызметін атқарады. Қызмет барысында сатиралық шығармалары арқылы елде болып жатқан келеңсіз жағдайларды, қоғам арасындағы екіжүзділікті ашып айта білді. 1980 жылдан бастап Торғай облысының Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болды. Осы жылдары Арқалық қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының аға оқытушысы және кафедра меңгерушісі болып қызмет етеді. Қызмет ету барысында Торғай жеріндегі белгілі жазушылар мен молдалардың кітаптарына қазба жұмыстарын жүргізеді. Кейіннен Сейіт Кенжеахметұлы толығымен Торғай жерінің тарихын зерттеуге кірісті. Зерттеу барысында Алаш зиялылары, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсарин, Міржақып Дулатовтың өмірі мен қызметі жайлы құнды деректерді іздеп тапты. Сейіт Кенжеахметұлының бұл ізденісі Тәуелсіздік жылдарында тарихшылар үшін құнды дерек болып, үнемі сұраныста болды. 1991 жылдары Сейіт Кенжеахметұлы Арқалық педагогикалық университетінде қызмет етіп жүріп, «Байтұрсынхану» атты арнайы курс ашып, ол жерде студенттерге Алаш зиялылары жайында дәріс оқиды. Сейіт Кенжеахметұлы үшін «Алаш» тақырыбы өте маңызды және керекті тақырып болды. Ежелгі Торғай қаласында, соның ішіндегі Торғай, Жыланшық өзендерінің бойындағы қазіргі заманнан бірнеше ғасыр бұрын салынған мешіттер мен медреселерде зерттейді. Бұл медреселердің ішінде, үйлердің қабырғаларында көптеген

дерекке толы араб тілінде жазылған кітаптар болды. Сейіт Кенжеахметұлы бұл кітаптардың Оспан Қожа деген молданың мешітінде 1928 – 1954 жылдар арасында сақталғанын айтады. Кейіннен, бұларды неміс тұтқынынан қашып келген Қапыш деген молда жарамды деген кітаптарды жер астына көміп тастайды. Сейіт Кенжеахметұлы бұл кітапты табу барысында жердің координатасын сызып, өзінің жолдасымен Жыланшық жеріне қарай барады.

Бұл кітаптардан басқа Жанкелді ауданындағы Көкалат және Қызылөскер ауылының үлкен қорымында 1950 жылдар кезінде бұрынғы молдалардан қалған екі арбаға толы кітаптардың көмілгенін айтады. Сейіт Кенжеахметұлы табылған кітаптардың Торғай облысының молдасы Оспан Қожаның кітаптары екенін баяндайды. Кейіннен табылған кітаптарды Сейіт Кенжеахметұлы 1980 жылдары архив қорына тапсырады. Қазба жұмысы барысында Ахмет Байтұрсынұлының 1915 жылы Орынборда жазылған тіл – құрал атты еңбегін табады. Сейіт Кенжеахметұлы оның бұл кітабының 51 – 107 беттерінің толық сақталғанын айтады. Бұл кітап жер астында 70 жыл көлемінде жатқан. 1991 жылы Торғай облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болады. Бұл қоғамда істеп жүріп Сейіт Кенжеахметұлы өзінің алдындағы ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттейді. Соның ішінде қазақтың белгілі ақыны Сәт Есенбаев, Кеңестік жылдарды жер аударылған Әлмағамбет, Файзолла және т.б. есімдері тарихта көп аталмайтын тұлғалардың жазған өлеңдері мен шығармаларын басып шығарады. Сонымен қоса 1991 жылы «Торғай жазушылары» деген анықтамалық кітап құрастырады. 1903 жылдары Торғай жерінде дүниеге келген белгілі ақын Нұрхан Ахметбековтың шығармашылығын зерттеп, 2008 жылы Алматы қаласында оның өлеңдері мен дастандарын жинақтап «Ел шежіре» деген атаумен басып шығарады. Ал, 1992 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі болып қызмет атқарды. Қызмет барысында Сейіт Кенжеахметұлы қазақтың салт-дәстүрін зерттей бастайды. Осыған байланысты өзінің «Қазақ халқының салт – дәстүрі, «Қазақтың дарқан дастарқаны», «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» атты көлемді еңбектер басып шығарған. Сейіт Кенжеахметұлының бұл кітаптары қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде Стамбул, Пекин сияқты қалаларда басылымға шыққан. Сейіт Кенжеахметұлының салт-дәстүрге арналған кітаптарында қазақ даласының рухани жетістіктері мен құндылықтары, деректі және дәйекті мысалдармен дәлелдеп жазған. Сонымен қоса оның тұрмыс-салт жайлы кітаптарында ата – бабамыздың ұлы жетістігі киіз үйден төрт – түлік мал мен қазақтың ырымдары мен наным – сенімдеріне дейін нақты жазылған. Сейіт Кенжеахметұлының жоғарыда аталып кеткен үш кітабын С.Сартаев, Т.Жұртбай, Х.Әбжанов сынды зерттеушілер өздерінің жұмыстарында қолдануда. Сонымен қоса Сейіт Кенжеахметұлының аталған бұл еңбектері әлемнің 37 еліне тараған. Мәскеуде өткен әлемдік және ТМД елдерінің кітап көрмелерінде 2006 жылы және 2007 жылдары екінші, үшінші орындарға жүлделеніп отырған.

Сонымен қатар Сейіт Кенжеахметұлының теледидар саласына қосқан үлесіне тоқталсам: ол Арқалық қаласында мұғалімдік қызметін атқарып жүріп, «Қазақ зиялылары» атты арнайы курсына ашады. Курсты жүргізу барысында Сейіт Кенжеахметұлы Алаш зиялылары жайлы жазған деректерін студенттерге оқиды. Оның бұл курсына жүргізілген дәрістері 2000-2001 жылдары Қостанай, Торғай облыстарындағы телеканалдарда «Қазына» деген атпен көрсетілді. Бағдарлама барысында Сейіт Кенжеахметұлының Алаштың көрнекті зиялылары: Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Ыбырай Алтынсарин және т.б. тұлғалардың өмірі мен қызметі жайлы деректер қарастырылды. Аталған курс Сейіт Кенжеахметұлы үшін өте маңызды болды. Өмірінің соңғы жылдарына дейін Сейіт Кенжеахметұлы Алаш зиялыларын зерттеді. 2000 жылдары Сейіт Кенжеахметұлы «ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. Басындағы Қазақ зиялылары» атты танымдық еңбегін басып шығарады. Ал, 2004 жылы аталған еңбегіне толықтыру жұмыстарын жасап қайтадан басылымға енгізді. 2005 жылы Қайым Мұхамедхановпен бірге көп томдық шығармалар жинағын құрастырады. Сейіт Кенжеахметұлы бұл еңбектің 1 томында аса мол деректер жазып кетті. Кейіннен 2006 жылдары «Алаш қозғалысы» деген мақаласын жазып шығарады. 2008 жылдары «Алаштың айбыны» деген атаумен Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен қызметі жайлы жазып кетеді.

2003 жылдан бастап Сейіт Кенжеахметұлы қызметін сол кездегі Астана қаласында жалғастырады. Ол Астана қаласында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Отырар кітапханасы» ғылыми зерттеу орталығында аға-ғылыми жетекші қызметін атқарды. «Отырар кітапханасы» ғылыми зерттеу орталығында Сейіт Кенжеахметұлы қазақтың салт-дәстүріне қатысты деректермен айналысады. Кейін 2003 жылдары оның «Этнографиялық этюдтер», «Салт-дәстүр сабағы» атты бірнеше жинағы басып шығарылады. 2006 – 2008 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің аға ғылыми қызметкері болып қызмет етеді. Бұл музейде Сейіт Кенжеахметұлы айтып кеткендей Алаш зиялыларына қатысты мәліметтер қарастырып, аталған музейдің дерек қорларын зерттейді. 2005 жылы Қазақстан Жазушылар одағы Ақсақалдар алқасының мүшесі болып сайланады. Ал, 2008 жылы Сейіт Кенжеахметұлы Халықаралық «Түркі әлемі» апталығының Құрметті кеңесшісі болады. 2009 жылдан бастап Сейіт Кенжеахметұлы ғылыми – танымдық «Дәстүр» журналының редакциялық коллегия мүшесі болып тағайындалады. Бұл жерде қызмет етіп жүріп салт-дәстүрге қатысты жинақтарын шығарып отырды. Соның ішінде 2009 жылы басып шығарылған «Жеті ата» атты танымдық кітабы қазіргі таңда да қолданысқа ие. Кейін Сейіт Кенжеахметұлы Республикалық «Тіл» журналы алқасының мүшесі болады. 2009 жылдың аяғына қарай Сейіт Кенжеахметұлы Арқалық қаласына оралып, Ыбырай Алтынсарин педагогикалық институтының «Тарихи мұраны зерттеу және елжандылық тәрбие беру орталығы» жерінде аға-ғылыми қызметкері болады. Аталған орталықта Сейіт Кенжеахметұлы Алаш зиялыларына қатысты деректер жинаумен айналысады.

Сейіт Кенжеахметұлы – жазушы, ақын сықақшы, белгілі этнограф және мәдениеттанушы 2011 жылы дүниеден өтеді. Оның мұрағатындағы деректер қазіргі таңда да өз маңыздылығын жоғалтпай, зерттеуші ғалымдардың қолданысында.

Қорытындылай келе, Сейіт Кенжеахметұлы сықақшы ретінде 300 – ден астам жинақ қалдырып, салт – дәстүр жайлы бірнеше кітаптар басып, шығарып кеткен. Салт-дәстүрге арналған кітаптарын жазу барысын да Алтайдан Қытай жеріне дейін саяхаттап, жергілікті халықтың мәдениеті жайлы да деректер жазған. Оның қазақ халқының тарихына қосқан үлесі де аз емес. Осы кезде айта кететін Алаш зиялылары жайында зерттеулері, Торғай тарихына қосқан үлесі ауқымды болып келеді. Өмірінің соңына дейін, еліне қызмет етіп, елде болып жатқан ауырлықтарды ашық түрде өзінің жазған өлеңдерімен айтып отырған. Сейіт Кенжеахметұлын тек сатирик, этнограф ретінде ғана емес, оны зерттеуші ғалым, қоғам қайраткері десек артық болмас. Себебі, оның жазып қалдырған кітаптары мен мағлұматтары қай кезде болмасын өзінің маңызы мен құндылығын жоғалтпайды.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Сейіт Кенжеахметұлы : Биобиблиографиялық көрсеткіш / ; Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты - Арқалық : [Б. ж.], 2009 . - 56 б.
2. Мұқатов, Н. Көркем сөз, көркем ойды кестелеген : (Көрнекті ақын, жазушы, этнограф Сейіт Кенжеахметұлының шығармашылығы туралы сөз) / Н. Мұқатов // Ақиқат. - 2017. - №2. - 70-77 б.
3. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті = Быт и культура казахского народа = Life and culture of the Kazakh people [Text] / С. Кенжеахметұлы; [орыс тіл. ауд. З. С. Кенжеахметова ; ағылш. тіл. ауд. S. Seibol], [фотографтар: Р. Бегишев [ж.б.]] - Алматы : Алматыкітап, 2012. - 383 б.
4. Жиен (туыс, атау). // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3 том. 685 б.-2000.
5. Жақып Ә. Сейіт Кенжеахметов // Торғай тарландары (жинақ) 108-109 бет. Парыз баспасы. 2009.
6. Кенжеахметов С. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы. 308 б. // Алматы. –1999.